Кембаева Айнур Тураровнаның «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша)» тақырыбындағы «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Бүгінгі таңда антропоөзектік бағыттағы зерттеулер ерекше қарқынмен жанданып келеді. Бұл орайда тіл қатынас құралы ғана емес, адамның танымдық, мәдени, әлеуметтік болмысының көрінісі ретінде зерттеледі. Яғни («адам – тіл – мәдениет» үштігі басты назарда болып, тілдік деректер арқылы адамның ойлау жүйесі, ұлттық сана, мәдени кодтар мен құндылықтар айқындалады. Кембаева Айнурдың «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша)» атты диссертациялық жұмысы антропоөзектік парадигма негізінде жазылған.

Диссертацияда алғаш рет Ш. Мұртаза көп дискурсты тілдік тұлға ретінде сипатталып, «тілдік тұлға» теориясы, дискурсология, когнитивтік лингвистика тоғысында қарастырылған. Вербалды-семантикалық, когнитивтік, лингвофилософиялық және прагматикалық тұрғыдан кешенді түрде талдай отырып, Ш. Мұртаза тілдік тұлғасын ұлттық мәдениет пен қоғамдық ойды айқындайтын ерекше феномен ретінде танытады. Диссертант Шерхан Мұртазаның шығармашылығын көп дискурстық кеңістікте – көркем, публицистикалық, философиялық және саяси дискурстар аясында қарастыра отырып, көп дискурсты тілдік тұлға ретінде сипаттайды. Шерхан Мұртазаны көп дискурсты тілдік тұлға ретінде қарастыру жұмыстың негізгі жаңалығы әрі қазақ филологиясына қосылған тың үлес болып табылады.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады. Әр тарауда қойылған міндеттер жүйелі түрде шешімін тапқан. 1-тарауда «тілдік тұлға» ұғымының теориялық негіздері беріліп, когнитивтік-прагматикалық қырлары талданған; 2-тарауда Ш. Мұртазаның идиостилі мен ұлттық-мәдени концептосферасы когнитивтік және семантикалық аспектіде сипатталған; 3-тарауда публицистикалық дискурсындағы тілдік стратегиялар, аксиологиялық жүйе және азаматтық ұстаным қарастырылған. Сол арқылы Ш. Мұртазаның идиостилі ұлттық құндылықтармен сабақтасқан ерекше феномен ретінде сипатталып, когнитивтік, прагматикалық және аксиологиялық аспектілері кешенді түрде талданған. Ұлттық-мәдени концептосферасы жүйеленіп, Ш. Мұртаза шығармалары рухани-мәдени кодтарды сақтап, жеткізуші ретінде көрсетілген. Жазушының идиостилінде әртүрлі дискурстардың тоғысқанын нақты

мысалдармен дәйектей отырып, Шерхан Мұртазаны ұлттық болмысты бейнелейтін күрделі тілдік тұлға ретінде танытады.

Жұмыстың өн бойынан зерттеушінің теориялық білімінің тереңдігі байқалады. Өзіндік ой қорытулары, батыл тұжырымдары зерттеудің құндылығын арттыра түскен. Мысалы, автор тіл білімінде «дискурс» пен «мәтін» ұғымдарына қатысты пікірталастарға тоқтала отырып, Е.С. Кубрякова, Т.М. Николаева, В.А. Звегинцев, Н.Д. Арутюнова, Ю.С. Степанов сияқты ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, даулы болып жүрген мәселеге қатысты өз пікірін, ұстанымын білдірген. Осылайша, Шерхан Мұртазаның тұлғасын зерттеуде «тілдік тұлға – дискурс – дискурстық тұлға» үштігін басшылыққа ала отырып, тілдік тұлғаның лингвоментальдік кеңістігін анықтап, көп дискурсты тілдік тұлғаның портреті жасайды. Жұмыста қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік ғалымдардың еңбектері молынан қамтылған. Әсіресе түрік ғалымдарының еңбектерін талдап, қазақ ғалымдарымен ұқсастығы туралы ойлары ерекше ұнады.

Зерттеу нәтижелері лингвоперсонология, дискурсология, когнитивтік лингвистика ғылымдарының дамуына үлес қосады. Практикалық тұрғыдан алынған тұжырымдарды жоғары оқу орындарының арнайы курстарында, қазақ тілінің тарихы мен мәдениеті, дискурс талдау, когнитивтік лингвистика пәндерінде пайдалануға болады.

Қорыта келе айтарымыз: Кембаева Айнұрдың «Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша)» атты диссертациялық жұмысы тілдік тұлға теориясын ұлттық-мәдени аспектіде тереңдете түсетін, ғылыми деңгейі жоғары еңбек болып табылады. Диссертациялық жұмысы мазмұны мен ғылыми нәтижелері бойынша «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Еге университетінің профессоры,
доктор **Метин Екижи**